

**«Ұлы Даланың ұлы есімдері»  
республикалық ғылыми-практикалық конференциясының  
РЕЗОЛЮЦИЯСЫ**

2024 жылдың 15 наурызында Достық үйінде «Ұлы Даланың ұлы есімдері» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Конференция жұмысына Қазақстан Республикасының белгілі ғалымдары, музей қызметкерлері, ЖОО оқытушылары, өлкетанушылар, журналистер қатысты.

Конференцияның мақсаты-Қазақстанның ғылымында, әдебиеті мен өнерінде жарқын із қалдырған көрнекті қайраткерлердің, Павлодар облысының тумаларының ғылыми, шығармашылық қызметін зерттеу және насихаттау, жұмыс барысында туындаған өзекті мәселелерді шешу жолдарын іздеу.

Ғылымның, әдебиеттің және өнердің дамуына біздің асыл жерлестеріміз - академиктер, мәдениет және өнер қайраткерлері - Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Халел Арғынбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Шәкен Айманов, Павел Васильев зор үлес қосты.

Пленарлық және секциялық отырыстардың форматтарында конференцияға қатысушылар мынадай проблемаларды талқылады: Отан тарихының, музей ісінің өзекті мәселелері, ұлттық тарих пен мәдениеттің дамуына үлес қосқан асыл жерлестердің өмірі мен қызметін сақтау және зерделеу, өскелең ұрпақты адамгершілік-патриоттық тәрбиелеу, қалың жұрт арасында мәдени-білім беру жұмысы мәселелері.

Ғылыми пікірталасқа қатысушылар қазіргі қоғамда шығармашылық тұлғаның рөлі мен маңызы артып келе жатқанын атап өтті. Конференцияға қатысушылар заманауи ғылыми және білім беру кеңістігінде патриоттық тәрбиені жандандыру жолдары мен тәсілдеріне назар аударды.

Секциялық отырыстарда студент жастарды туған өлкенің тарихи-мәдени мұрасын зерттеуге және сақтауға, ұлттық тарих пен мәдениеттің дамуына үлес қосқан асыл жерлестердің өмірі мен қызметіне қалай ықпал ету керектігі талқыланды.

Конференцияға қатысушылар академик Қ.И. Сәтбаевты ғылымның, Қазақстан өнеркәсібінің дамуына қосқан зор үлесі үшін «Ел қаһарманы» орденімен марапаттау, асыл жерлестердің, атап айтқанда, ақын драматург Ж. Аймауытовтың өмірі мен қызметіне байланысты ғимараттарға ескерткіш тақталар орнату туралы ұсыныспен жүгінеді.